

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 146 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 12 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4419 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 232 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2008.12.29 N 232 Қаулысымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 23 қазандағы Заңын және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ұжымдық инвестициялау және жинақтаушы зейнетақы қорлары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі – Агенттік) ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1

2

3. Күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесін бекіту туралы" 2006 жылғы 12 тамыздағы N 146 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4419 тіркелген, "Заң газеті" газетінде 2006 жыл 17 қарашада N 197 (1003) жарияланған);

4. Осы қаулы оны ресми жариялағаннан кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төрайым

Е. Бахмутова

" Лицензиялау туралы ", " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", " Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы ", " Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы " Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік)

Б а с қ а р м а с ы

Қ А У Л ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Лицензиялау басқармасы (Жұмабаева З.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігіне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

А л м а т ы қ а л а с ы н ы ң өңірлік қаржы

о р т а л ы ғ ы н ы ң қ ы з м е т і н

реттеу агенттігінің Төрағасы

3 қазан 2006 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау
агенттігі Басқармасының
2006 жылғы 12 тамыздағы
N 146 қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік
орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік
және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру
жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы
қызметкерлерін келісу ережесі**

Осы Ереже Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы ", " Бағалы қағаздар рыногы туралы ", "Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы туралы" , "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының (бұдан әрі - Қаржы орталығы) қызметін реттеу үшін уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (бұдан әрі - лицензия) беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу талаптарын және тәртібін анықтайды.

1-тарау. Лицензияны беру шарттары және тәртібі

1. Қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлға (бұдан әрі - өтініш иесі) лицензия алу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды береді:

1) **а л ы н ы п т а с т а л д ы**

2) бюджетке төленетін лицензиялық алымның төленгендігін растайтын құжат ;

3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы куәлігінің көшірмесі, статистикалық карточканың, Қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган берген салық төлеуші куәлігінің көшірмесі ;

4) жарғының, оған жасалған барлық өзгерістері мен қосымшаларын қосқандағы нотариатта куәландырылған көшірмесі (осынысы қолда бар болса);

5) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес акционерлер (қатысушылар) туралы м ә л і м е т т е р ;

6) бухгалтерлік баланс, кірістер және шығыстар туралы есеп, ақша қозғалысы туралы есеп, өтініш иесінің акцияларын төлеуге ақша енгізудің алдындағы

соңғы айдың аяғында өтініш беруші акционерлердің (қатысушылардың) меншікті капиталындағы өзгерістер туралы есеп;

7) осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес басшы қызметкерлерге келісуге берілген құжаттар;

8) фамилиялары, аттары және қызметкерлердің иеленіп отырған лауазымдары бойынша әкелерінің аттары болған жағдайда сонысы көрсетілген штат кестесінің көшірмесі;

9) бағалы қағаздар рыногында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөніндегі функциялар жүктелген құрылымдық бөлімшелер туралы ережелер, сондай-ақ осы бөлімшелердің қызметкерлері туралы мәліметтер (фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты, азаматтығы);

10) өтініш иесінің ішкі аудит қызметі туралы ережесі (акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғасы үшін);

11) *алынып тасталды*

12) бағдарламалық-техникалық құралдарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногындағы қызметті жүзеге асыруы қажет өзге жабдықтарға қойылатын талаптарды өтініші иесінің орындауын растайтын құжаттар;

13) өтініш берудің алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы өтініш иесінің бухгалтерлік балансы;

14) өтініш иесінің жарғы капиталының барынша төмен мөлшерінің төленгендігін растайтын құжаттар (төлем тапсырмалары, кассалық кіріс ордерлері, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік (акционерлік қоғамның ұйымдастыру-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлғасы үшін));

15) өтініш иесінің оны құру мақсаттарын ашатын бизнес-жоспары, қызметінің негізгі бағыттарын және оған өтініш иесі бағдар жасаған рынок сегменті, қызмет көрсету түрлері, маркетинг жоспары, өтініш иесінің кәсіптік қызметімен байланысты тәуекелдер және оларды азайтудың тәсілдері, қаржылық перспективалар (есеп айырысу балансы, алғашқы үш қаржы (операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстардың есептері), еңбек ресурстарын тарту жоспары;

16) осы Ереженің 1-1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

2. *алынып тасталды*

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3 . а л ы н ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 3-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

4. Осы Ереженің 1-тармағындағы бірнеше парақтардан тұратын құжаттар өтініш иесінің нөмірленген, тігілген және парақтың соңғы бетіне қолдары қойылған түрінде, ішінара тігілген жеріне жапсырманың жоғарғы жағына желімделген тігінді парақтардың саны көрсетіліп ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері осындай құжаттарға қол қою құқығы бар өтініш иесінің қолымен және өтініш иесінің мөр бедерімен расталады.

5. Лицензия алуға ұсынылатын құжаттарды уәкілетті орган құжаттардың толық пакеті ұсынылған сәттен бастап он бес жұмыс күнінің ішінде қарайды.

6. Өтініш иесі және оның лицензия алуға ұсынған құжаттары Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, оның ішінде осы Ережеге сәйкес келген жағдайда өтініш иесіне осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес лицензия беріледі.

7. Лицензия өтініш иесінің алқалы атқарушы органының басшысына (атқарушы орган функциясын бір өзі орындайтын тұлғаға) не өтініш иесі берген сенімхат негізінде іс-қимыл жасайтын оның өкіліне беріледі.

8. Уәкілетті орган лицензия беруден бас тартуды Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген негіздеме бойынша жасайды. Өтініш иесіне лицензия беруге белгіленген мерзім ішінде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі .

9. Қаржы орталығының қызметін реттейтін уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген және уәкілетті орган берген брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензиясы бар заңды тұлға (бұдан әрі - Қаржы орталығының қатысушысы) осы Ереженің 1-тармағының 3)-5), 7)-9) тармақшаларында көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда осындай өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап (Қаржы орталығының қызметін реттейтін уәкілетті мемлекеттік органның тіркеуі) он күн ішінде уәкілетті органға өзгерістер мен толықтыруларды береді.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

9-1. Қаржы орталығының қатысушысы өтініш негізінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны ерікті түрде қайтаруды қызметтің осы түрі бойынша барлық міндеттемелерді Қаржы

орталығының қатысушысы орындағаннан кейін жүзеге асыруы мүмкін.

Лицензияны ерікті түрде қайтару туралы ақпаратты Қаржы орталығының қатысушысы республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында оны уәкілетті органға қайтарған күнге дейін алпыс күнтізбелік күннен кешіктірмей жариялайды. Қаржы орталығының қатысушысы уәкілетті органға лицензияны ерікті қайтару барысында өтінішпен бір уақытта осы тармақта көрсетілген іс-шаралардың орындалғанын растау жайлы хат ұсынылады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

**2-тарау. Өтініш иесінің басшы қызметкерінің
(Қаржы орталығының қатысушысы) лауазымды қызметін
иеленуге келісім берудің талаптары мен тәртібі**

10. Өтініш иесінің басшы қызметкері (Қаржы орталығының қатысушысы) болып Директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері, алқалы атқарушы органның бірінші басшысы және мүшелері (атқарушы орган функцияларын жеке дара атқарушы тұлға), бас бухгалтер, өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысының) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын және негізі бойынша бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қою құқығы бар өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) өзге де басшылары танылады.

11. Өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкері болып мынадай тұлғалар тағайындала (сайлана) алмайды:

- 1) жоғары білімі болмаса;
- 2) Қаржы қызметін беру және (немесе) реттеу саласындағы осы Ереженің 12-тармағымен белгіленген жұмыс өтілі болмаса;
- 3) мінсіз іскерлік беделі болмаса;

4) осының алдында Директорлар кеңесінің бірінші басшысының, алқалы атқарушы органның бірінші басшысының (атқарушы орган функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және оның орынбасарының, қаржы ұйымының бас бухгалтерінің бағалы қағаздар рыногын (қаржы рыногы) реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган қабылдағанға дейінгі бір жылдан аспайтын кезең ішінде осы қаржы ұйымы резидент болып табылатын мемлекеттің қаржы ұйымын консервациялау туралы, оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе осы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешімдері. Аталған талап бағалы қағаздар рыногын (қаржы рыногы) реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның осы қаржы ұйымы резидент болып табылатын мемлекеттің қаржы ұйымын консервациялау туралы,

оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы, сондай-ақ қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату немесе осы мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен оны банкрот деп тану туралы шешімдері қабылданғаннан кейін бес жыл бойы қолданылады.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

12. Өтініші иесінің басшы қызметкері лауазымына (Қаржы орталығы қатысушысы) кандидат (бұдан әрі - кандидат) осы Ереженің 11-тармағының 2) тармақшасында көзделген талаптарға сәйкес келу үшін мынадай жұмыс өтілінің б о л у ы қ а ж е т :

1) алқалы атқарушы органның бірінші басшысы қызметіне кандидат (атқарушы орган функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және өтініш иесінің бас бухгалтері (Қаржы орталығы қатысушысы) үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында үш жылдан кем емес;

2) алқалы атқарушы органның мүшесі қызметіне кандидат (Қаржы орталығы қатысушысы) үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында екі ж ы л д а н к е м е м е с ;

3) өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын өзге басшысы қызметіне кандидат және негізінде бағалы қағаздар рыногында мәмілелер жасалатын құжаттарға қол қою құқығы бар кандидаттар үшін - қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласында бір жылдан кем емес.

Өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) бірінші басшысы және Директорлар кеңесі мүшесі қызметіне кандидат үшін қаржы қызметін ұсыну және (немесе) реттеу саласындағы жұмыс өтілі талап етілмейді.

Осы тармақпен анықталған жұмыс өтіліне қаржы ұйымының шаруашылық қызметін жүзеге асыруға байланысты бөлімшелеріндегі жұмыс енгізілмейді.

13. Басшы қызметкер тағайындалған (сайланған) күннен бастап алпыс күнтізбелік күннен аспайтын күн ішінде өз қызметін уәкілетті органмен келіспей а т қ а р а а л а д ы .

Осы тармақпен белгіленген мерзімде уәкілетті органға келісуге құжаттар берілмеген не келісу кезінде уәкілетті орган бас тартқан жағдайда өтініш иесі (Қаржы орталығы қатысушысы) осы тұлғамен арадағы жеке еңбек шартын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бұзады (басшы қызметкер өкілеттігін тоқтатады).

14. Уәкілетті орган келісуді тест өткізу үшін кандидаттарды шақыру арқылы не осы Ереженің 22-тармағында көзделген жағдайларда оларды шақырмай-ақ шешеді.

15. Өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) кандидатты келісілу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды ұсынады:

1) кандидат туралы, оның ішінде осы Ереженің 3, 3-1 қосымшаларына сәйкес ұсынылған мәліметтер көрсетіле отырып, еркін нысанда құрастырылған өтінішті өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) құжаттамалық тексерді және қол қойған :

өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) директорлар кеңесінің мүшелерін, басқарманың бірінші басшысын және мүшелерін тағайындау (сайлау) барысында - өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) директорлар кеңесінің бірінші басшысы;

өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) директорлар кеңесінің бірінші басшысын, бас бухгалтерін және өзге басшы қызметкерлерін тағайындау (сайлау) барысында - өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) басқармасының бірінші басшысы;

директорлар кеңесінің бірінші басшысын және мүшелерін тағайындау (сайлау) барысында - (қайта құрылатын өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) үшін не жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) үшін) осы құжатқа қол қоюға уәкілетті өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) құрылтайшыларының (қатысушыларының) бірі;

2) кандидаттың лауазымдық нұсқаулығының көшірмесі, директорлар кеңесінің бірінші басшысының және мүшелерінің, бас бухгалтердің лауазымына кандидатты қоспағанда;

3) кандидатты сайлауға (тағайындауға) уәкілетті өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) органы шешімінің көшірмесі;

4) осы Ереженің 3, 3-1 қосымшаларына сәйкес электронды және қағаз жеткізушілердегі кандидат туралы мәліметтер;

5) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

6) кандидаттың мінсіз іскерлік беделін растайтын құжаттар: осы Ереженің 3-2 қосымшасына сәйкес нысан бойынша ұсыным хаттар (кемінде осы Ереженің 15-1-тармағында көрсетілген екі тұлғадан);

уәкілетті мемлекеттік органның құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу (аталған құжатты берген күн өтінішті беру күнінің алдындағы үш айдан артық болуы тиіс емес) жөніндегі анықтама нысанында берілген экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары немесе ауырлығы орташа қылмыстары, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың жоқ екендігін растайтын құжат; Шетелдік азаматтар қосымша олар азаматы болып саналатын елдің тиісті мемлекеттік органы берген осыған ұқсас мазмұндағы, ал азаматтығы жоқ тұлғалар - олар тұрақты тұратын

елдің

құжатын

береді.

Уәкілетті орган ұсынылған құжаттардың сенімділігін тексеру қажеттілігі жағдайында тиісті органдардан, ұйымдардан не ұсыныс жасаған тұлғадан қосымша мәліметтер сұрайды.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

15-1. Ұсыныс беретін тұлғалар болуы мүмкін:

- 1) "Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігі;
- 2) директорлар кеңесінің бірінші басшысы және мүшелері, уәкілетті органнан оларды тағайындауға (сайлауға) келісім алған қаржы ұйымдарының бірінші басшысы (тіркеушінің, трансфер-агенттің атқарушы органы функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) және басқарма мүшелері;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) басшы қызметкерлерінің лауазымына кандидаттарды келісілу барысында - тізбесі уәкілетті органмен белгіленетін рейтингтік агенттіктердің бірімен берілген ВВ+ кем емес ұзақ мерзімді рейтингі бар Қазақстан Республикасы резидент емес қаржы ұйымдарының басшылары.

Ұсыныс жасайтын тұлғалар өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) басшы қызметкері, акционері, кандидатты келісілу туралы өтініш жасаушы құрылтайшысы, кандидаттың ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, ағасы, әпкесі, балалары) және кандидаттың жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы, ағасы, әпкесі, балалары) бола алмайды.

Ескерту. 15-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

15-2. Осы Ереженің 15-тармағында санамаланған, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп, тігіліп және соңғы парағының екінші жағына тігілген парақтардың саны көрсетіле отырып, тігістің түйіншегіне жапсырылған жапсырманың үстіне өтініш иесінің мөрімен куәландырылып ұсынылады. Құжаттардың көшірмелері мұндай құжаттарға қол қою құқығына ие өтініш иесінің (Қаржы орталығының қатысушысы) лауазымды тұлғаларының қолдарымен және өтініш иесі (Қаржы орталығының қатысушысы) мөрінің бедерімен куәландырылады.

Ескерту. 15-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

16. Осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген құжаттарды уәкілетті орган оларды ұсынған күннен бастап он бес жұмыс күнінің ішінде қарайды.

17. Кандидатты келісу үшін уәкілетті орган құрамы уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітілетін комиссияны құрады.

18. Уәкілетті органның жауапты бөлімшесі өтініш иесіне (Қаржы орталығы қатысушысына) тест жүргізу күні туралы жазбаша түрде хабарлайды. Кандидаттың белгіленген мерзімде тест өткізуге дәлелді жағдаймен келе алмаған жағдайында өтініш иесі (Қаржы орталығы қатысушысы) уәкілетті органға келмеу себептерін көрсете отырып және осы Ережеде белгіленген мерзімнен аспайтын мерзімде кандидатпен тест өткізудің болуы мүмкін күні туралы хабарлайды.

19. Комиссияның қарауына өтініш иесі (Қаржы орталығы қатысушысы) ұсынған құжаттар, ал кандидатты тест өткізу үшін шақыруды келіскен жағдайда - тест қорытындысы жіберіледі. Комиссия мүшелері құжаттарды қарайды және қаралып отырған мәселе бойынша өз пікірлерін осы Ереженің 4-қосымшасындағы нысан бойынша білдіреді.

20. Комиссия шешімді жай көп дауыс бойынша қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия Төрағасының немесе оның орнындағы адамның дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімі сұрату жасау жолымен қабылдануы мүмкін.

21. Комиссия мүшелерінің құжаттарды қарау қорытындысы бойынша хатшы Комиссияның қабылдаған шешімі туралы хаттаманы ресімдейді.

Өтініш иесі (Қаржы орталығы қатысушысы) Комиссия Төрағасы (немесе оның орынбасары) хаттамаға қол қойған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жазбаша хабарлама жіберу жолымен кандидаттарды келісу қорытындысы туралы хабардар етеді.

22. Өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) ұсынған құжаттар негізінде тест өткізуге шақырылмай келісілетін кандидаттарына мыналар ж а т қ ы з ы л а д ы :

1) осының алдында уәкілетті органмен тиісті немесе жоғарыдағы қызметтерге қаржы ұйымдары келіскен кандидаттар;

2) бірінші басшының және Директорлар кеңесінің мүшелері қызметіне к а н д и д а т т а р ;

3) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілі бар бірінші басшы және мүшелері (атқарушы орган функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлғалар) қызметіне кандидаттар;

4) қаржы ұйымында бас бухгалтер болып істеген екі жылдан кем емес жұмыс өтілі болып отырған бас бухгалтер қызметіне кандидаттар;

5) бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметті жүзеге асыратын ұйымдарда бір жылдан кем емес жұмыс өтілі бар өзге басшы қызметкерлер қызметіне

к а н д и д а т т а р .

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

23. Тест өткізуге шақыру арқылы кандидаттарды келісу отыз сұрақ беру арқылы отыз минут ішінде компьютерлік тест жасау әдісімен жүргізіледі. Кандидат тест жүргізу кезінде аудармашының қызметін пайдаланған жағдайда тест алу мерзімі қырық бес минутқа дейін өсірілуі мүмкін.

Кандидаттардың тест жүргізу сұрақтарын уәкілетті органның бірінші басшысы бекітеді және ол уәкілетті органның ресми web-сайтында о р н а л а с т ы р ы л а д ы .

Кандидаттармен тест жүргізу кезінде тест жасаушы адам отырған үй-жайда бірге болуға уәкілетті органның жауапты бөлімшесінің қызметкерлеріне және қажет болған жағдайда аудармашыға ғана рұқсат беріледі.

Кандидаттармен тест жүргізу кезінде қандай да бір жазбаша, электронды немесе басқа ақпаратты материалдарды пайдалануға жол берілмейді. Осы тармақта айтылған талаптарды бұзу тест жүргізудің теріс нәтижесі болып есептеледі.

24. Кандидаттың тест жүргізудің оң қорытындысын алуы (дұрыс жауаптың 70 %-і) Комиссияның осы кандидаттың басшы қызметке тағайындалуы (сайлануы) туралы келісімді қабылдауға негіздеме болып табылады.

Кандидат тест қорытындысымен тест өткізілген соң бірден, қол қоя отырып танысады.

25. Кандидат тест қорытындысымен келіспеген жағдайда тест жасалған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға апелляциямен жазбаша өтініш бере алады.

26. Апелляциялық комиссияның құрамы уәкілетті органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі. Төраға, оның орынбасары және Комиссия мүшелері апелляциялық комиссия мүшелері болып табылмайды.

27. Апелляцияны апелляциялық комиссия оны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні аралығында қарайды.

28. Апелляциялық комиссия мәжілісінде дауыс беру құқығынсыз Комиссия төрағасы және (немесе) оның орынбасары апелляция беруші кандидат қатыса алады.

29. Апелляциялық комиссия мәжілісін өткізу кворумы төрағаны қосқандағы (апелляциялық комиссия төрағасының орынбасары) апелляциялық комиссия мүшелерінің үштен екісінен кем болмайды.

Апелляциялық комиссияның әрбір мүшесі бір дауыс иеленеді. Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық комиссия мәжілісіне қатысушы мүшелердің

жай басым дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы не ол болмаған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының орынбасарының дауысы шешуші болып есептеледі.

30. Апелляциялық комиссияның шешімі екі данада жасалатын және оған осы мәжіліске қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшесі қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Апелляциялық комиссия мәжілісі хаттамасының екінші данасы комиссияға беріледі.

31. Апелляциялық комиссия мәжілісі хаттамасын функциясын оның мүшелерінің бірі жүзеге асыра алатын оның хатшысы атқарады.

32. Апелляцияны қарау қорытындысы бойынша апелляциялық комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

тест қорытындысын өзгеріссіз қалдырып, апелляцияны қанағаттандырмау;
кандидаттың апелляциясын қанағаттандыру және оны екінші рет тесттен өтуге жіберу.

33. Осы Ереженің 15-тармағында көзделген толық емес құжаттар пакетін ұсынған, не ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптарына және (немесе) өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) жарғысының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда уәкілетті орган ескертулерді көрсете отырып, өтініш иесіне (Қаржы орталығы қатысушысына) жазбаша жауап б е р е д і к а й т а р ы п б е р е д і .

Ескерту. 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

34. Уәкілетті орган өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің тағайындалуына (сайлануына) мынадай негіздемелер б о й ы н ш а к е л і с і м б е р м е й д і :

1) осы Ереженің 11 және 12 тармақтарында белгіленген талаптарға басшы қызметкер лауазымына ұсынылып отырған кандидаттың сәйкес келмеуі;

2) келісуге құжаттар пакетін осы Ереженің 13-тармағында белгіленген мерзім ө т і п к е т к е н с о ң ұ с ы н у ы ;

3) тест бойынша теріс қорытынды не дәлелді себептерсіз тестілеуге келмеу.

Ескерту. 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

35. Өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің тағайындалуына (сайлануына) уәкілетті орган келісім бермеген не өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметтен шығарылған немесе осы өтініш иесіндегі (Қаржы орталығы қатысушысындағы) өзге қызметке ауысқан

жағдайда осы тұлғаның өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметіне екінші рет тағайындалуы (сайлануы) оның өзге қызметке тағайындалуына (сайлануына) не оның жұмыстан шығуына не өзге қызметке ауысуына бас тарту жасалған соң тоқсан күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде, бірақ қатарынан екі реттен артық емес жиырма ай ішінде жасалуы мүмкін.

36. Өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің тағайындалуына (сайлануына) уәкілетті орган қатарынан екі рет бас тартқан жағдайда осы тұлғаның өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметіне тағайындалуы (сайлануы) уәкілетті органның оның өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметіне тағайындалуына (сайлануына) екінші рет бас тартуы туралы шешімі қабылданған күннен бастап қатарынан он екі ай өткеннен кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

37. Уәкілетті орган өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің тағайындалуына (сайлануына) берген келісімін мына негіздемелер бойынша кері қайтарып алуы мүмкін:

1) келісім берілген негіздемелерде шынайы емес мәліметтер анықталған жағдайда ;

2) уәкілетті органның басшы қызметкерге жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай ішінде үш және одан артық) санкциялар қолдануы.

Уәкілетті орган өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің тағайындалуынан (сайлануынан) бас тартқан жағдайда өтініш иесі (Қаржы орталығы қатысушысы) аталған тұлғамен жеке еңбек шартын бұзады (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басшы қызметкердің өкілеттілігі тоқтатылады).

38. Басшы қызметкерлері уәкілетті органмен келісілген Қаржы орталығының қатысушысы он күндік мерзім ішінде уәкілетті органды келісу үшін ұсынылған құжаттардағы өзгерістер, сондай-ақ басшы қызметкерлердің басқа қызметке ауысу және жұмыстан шығарылуын қосқандағы оның құрамында болған барлық өзгерістер туралы хабардар етіп отырады.

3-тарау. Қорытынды ережелер

39. Уәкілетті орган берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, жаңартылған, қолданысы тоқтатылған лицензиялардың есебін жүргізеді, сондай-ақ өтініш иесінің (Қаржы орталығы қатысушысының) кандидатуралары олармен келісілген басшы қызметкерлерінің тізілімін жасайды.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

40. Уәкілетті орган уәкілетті органның ресми web-сайтына орналастыру жолымен не мүдделі тұлғалардың сұратулары бойынша лицензияларды беру,

қайта ресімдеу, уақытша тоқтату, тоқтату және қолданылуын жаңарту туралы
а қ п а р а т т ы а ш ы п к ө р с е т е д і .

Ескерту. 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

41. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілетін болады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесіне

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Акциянер (қатысушы) туралы мәлімет
(заңды тұлға үшін)

(өтініш берушінің толық атауы)

1. Өтініш берушінің (қатысушының) акционері

(т о л ы қ а т а у ы)

Тұрған жері _____

(пошта индексі, мекен-жайы)

Байланыс деректемелері

(телефон және факс нөмірі, электронды поchtаның мекен-жайы егер бар
б о л с а)

Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

(құжаттың атауы, нөмірі мен берілген күні, кім берді)

Қазақстан Республикасының резиденті/резиденті емес

Негізгі қызмет түрі

2. Акционерге жататын өтініш иесінің дауыс беру акцияларының,

өтініш иесінің дауыс беру акцияларының жалпы санына шаққандағы пайыздық ара-қатынасы (өтініш иесінің жарғылық капиталға қатысу ү л е с і)

3. Акционердің өтініш берушінің (қатысушының) өзге де заңды тұлғаларды құру және қызметіне қатысушы, акционердің, заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жерін көрсете отырып, қатысуы туралы мәліметтер _____

4. Акционер өтініш берушінің дауыс беруші акцияларының он және одан да көп пайыздарына иелік етіп отырған қатысушылар, акционер өтініш беруші (қатысушы) туралы мәліметтер (оның жарғылық капиталының он және одан да көп пайызын құрайтын қатысушы өтініш иесінің жарғылық капиталға қатысу үлесі):

N №	Атауы/аты-жөні, тегі және бар болса әкесінің аты	Орналасқан жері/ тұрғылықты жері (Қазақстан Республикасының резиденті/резидент емес)	Дауыс беруші акциялардың акционер өтініш берушінің дауыс беруші акцияларының жалпы санына немесе қатысушы өтініш берушінің (пайызбен) жарғылық капиталда қатысу үлесінің ара-қатынастары	Қызметтің негізгі түрі
1.				

5. Акционер (қатысушы) өтініш беруші қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар, конгломертлар туралы толық атауы, ұйымның тұрған жері көрсетілген мәліметтер _____

6. Осы анкетаның 3-5-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес солай болып табылатын акционер (қатысушы) өтініш берушінің басқа да аффилиирлеген тұлға туралы қосымша мәліметтер _____

7. Акционер (қатысушы) өтініш берушінің басшысы туралы мә л і м е т т е р :

(тегі, аты, бар болса әкесінің аты)

" ____ " _____ 20__ жыл

Акционер (қатысушы) өтініш беруші басшының қолы _____

Мөр қоятын жер

**Акционер (қатысушы) туралы мәлімет
(жеке тұлға үшін)**

(өтініш берушінің толық атауы)

1. Өтініш беруші (акционер) _____

(аты-жөні, бар болса әкесінің аты)

Туған күні мен жылы _____

Азаматтығы _____

Жеке тұлғасын білдіретін құжаттар дерегі _____

(құжаттың атауы, нөмірі, сериясы және берілген күні, кім берді)

Тұрған жері _____

(почта индексі, мекен-жайы)

Байланыс деректемелері _____

(телефон, электрондық поchtаның мекен-жайы)

Жұмыс орны (мекен-жайын көрсете отырып), лауазымы _____

2. Акционерге жататын өтініш иесінің дауыс беру акцияларының, өтініш иесінің дауыс беру акцияларының жалпы санына шаққандағы пайыздық ара-қатынасы (өтініш иесінің жарғылық капиталға қатысу ү л е с і)

2-1. Өтініш иесінің (өтініш иесінің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) акцияларын төлеуге ақша салу алдындағы өтініш иесінің акционерінің (қатысушысының) меншікті қаражатының мөлшері және өтініш иесінің (өтініш иесінің жарғылық капиталындағы қатысу үлесі) акцияларын төлеуге салынған а қ ш а

3. Акционердің өтініш берушінің (қатысушының) өзге де заңды тұлғаларды құру және қызметіне қатысушы, акционердің, заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жерін көрсете отырып, қатысуы

т у р а л ы

4. Осы анкетаның 3-тармағына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес солай болып табылатын акционер (қатысушы) өтініш берушінің басқа да аффилиирлеген тұлға қосылма туралы мәліметтер

"__" __ 20__ жыл

Акционер (қатысушы) өтініш берушінің қолы _____

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесінің

1-1 қосымшасы

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

(уәкілетті органның толық атауы)

(өтініш берушінің толық атауы)

Өтініш

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлға ретінде брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия беруді сұраймын.

Өтініш беруші туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан орны:

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің нөмірі)

(т е л е ф о н , ф а к с)

2. Жіберілетін құжаттар тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша дана
ж ә н е п а р а қ с а н ы :

Өтініш беруші және олардың құрылтайшылары (акционерлері)
өтінішке қоса берілетін құжаттардың (ақпараттың) сенімділігіне
толығымен жауапкершілікті алады.

Өтінішті беруге уәкілетті тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің
аты (бар болса)_____

(қ о л ы)

" ____ "

200 __ жылғы

Мөр орны

Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу жөнінде
уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген
заңды тұлғаларға брокерлік және
немесе дилерлік қызметті жүзеге
асыруға лицензиялар беру және олардың
басшы қызметкерлерін келісу ережесіне

2-қосымша

Қазақстан Республикасының

Елтаңбасы

Л И Ц Е Н З И Я

Уәкілетті органның толық атауы

(бағалы қағаздар рыногындағы қызмет түрінің атауы)

Лицензия нөмірі _____ " ____ " _____ 20__ жыл

(заңды тұлғаның толық атауы)

Лицензия тек қана Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының
арнайы сауда алаңында қолданылады

Лицензияны қолдану мерзімі - шектеусіз.

Лицензияны басыбайлы, яғни лицензиат жеке және заңды тұлғаларға
беруіне болмайды

Уәкілетті _____
(басшының орынбасары)
(басшының (басшы орынбасарының) аты-жөні)

Мөрдiң орны
Алматы қаласы

Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу жөнінде
уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген
заңды тұлғаларға брокерлік және
немесе дилерлік қызметті жүзеге
асыруға лицензиялар беру және олардың
басшы қызметкерлерін келісу ережесіне

3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (*
қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

**Өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы
қызметкерінің лауазымына кандидат туралы қысқаша
д е р е к т е р**

(өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) атауы)
1. Фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса)

2 . А з а м а т т ы ғ ы

3. Жеке басын куәландыратын құжат деректері

4. Жұмыс орны (орындары), лауазымы (лауазымдары)

5. Жұмыс орнының (орындарының) мекен-жайы (мекен-жайлары), байланыс
т е л е ф о н ы

6 . Ері (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, ағасы, әпкесі,
балалары) және кандидаттың жекжаттары (ерінің (зайыбының) ата-анасы,
ағасы, әпкесі, балалары) туралы мәліметтер:

N	Фамилиясы, аты, әкесінің а т ы (бар болса)	Туған жылы	Туысқандық қатынастары	Жұмыс орны және қызметі
1.				

7. Кандидаттың заңды тұлғалардың жарғылық капиталына немесе акцияларын иеленуге қатысуы туралы мәліметтер

N	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан орны	Заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері	Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі немесе кандидатқа тиесілі акциялардың заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1.			

Осы ақпаратты мен тексергенімді және оның шынайы және толық екендігін растаймын.

Фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) _____
(баспа әріптерімен)

Күні _____

Қолы _____

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесінің

3-1 қосымшасы

Ескерту. 3-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің лауазымына кандидаттың мінсіз іскерлік беделі туралы мәліметтер

1. Білімі

Оқу орнының атауы	Келіп түскен күні - аяқтаған күні	Мамандығы	Білімі туралы дипломның деректемелері, біліктілігі	Оқу орнының орналасқан жері

2. Соңғы үш жылдағы біліктілік көтеру жөніндегі семинарлар, курстардан өту туралы мәліметтер

Ұйымның атауы	Өткізу күні және орны	Сертификат деректемелері

3. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Жұмыс кезеңі	Жұмыс орны	Лауазымы	Тәртіптік шара қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, қызметтен босату себептері

4. Бар жарияланымдар, ғылыми әзірленімдер және басқа да жетістіктер:

5. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар үшін немесе ауырлығы орташа қылмыстар, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының бар болуы жөніндегі мәліметтер

Күні	Сот органының атауы	Соттың орналасқан орны	Жазаның түрі	1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің бабы	Соттың процессуалды шешімді қабылдаған күні

6. Өзіне қабылдаған міндеттемелерді (өтелмеген немесе мерзімі өткен заемдар және басқалар) орындамау фактілерінің болуы туралы мәліметтер:

(аталған фактілер болған жағдайда ұйымның атауын және міндеттемелер сомасын көрсету қажет)

7. Бұрын банкрот болып танылған не оған қатысты лицензиядан айыру, мәжбүрлеп тарату, консервация, акцияларды мәжбүрлеп сатып алу туралы шешім қабылданған қаржы ұйымының басшы қызметкері болды ма:

(иә/жоқ, қаржы ұйымының атауы, лауазымы, жұмыс кезеңі көрсетілсін)

8. Басшы қызметкердің лауазымына кандидатты келісу туралы ұсыныс беретін өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) аффилиирленгендігінің болуы (болмауы):

(иә/жоқ, аффилиирлену белгілерін көрсету)

9. Қадағалау органының заңнаманы бұзғаны үшін қызметтік міндетін орындаудан шеттету туралы деректердің болуы:

(иә/жоқ, күні көрсетілсін және кім ықпал ету шарасын қолданған)

10. Қаржылық қызмет көрсету мәселесі бойынша сот талқылауында жауапкер есебінде қаржы ұйымының басшысы ретінде тартылды ма:

(иә/жоқ, күні көрсетілсін, сот талқылауындағы қаржы ұйымының-жауапкердің атауы, қаралатын мәселе және сот шешімі)

11. Ұсыным жасаушы тұлғаларды көрсеткен ұсыным хаттарының болуы:

12. Осы мәселеге қатысы бар басқа ақпарат:

Осы ақпаратты мен тексердім және оның толық және шынайы болып табылатындығын растаймын.

Фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

(баспа әріптермен)

Күні _____

Қолы _____

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөнінде уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген заңды тұлғаларға брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыру жөнінде лицензияларды беру және олардың басшы қызметкерлерін келісу ережесінің

3-2 қосымшасы

Ескерту. 3-2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.04.30. N 118 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Ұсыным хат

(өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің лауазымына кандидаттың фамилиясы, аты, әкесінің аты
(б а р б о л с а))

Мен _____
(фамилиясы, аты, әкесінің аты (бар болса))

(өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің лауазымына кандидаттың фамилиясы, аты, әкесінің аты
(б а р б о л с а))

_____ лауазымына
(өтініш берушінің (Қаржы орталығы қатысушысының) басшы қызметкерінің лауазымының атауы көрсетілсін)
ұсынамын.

1. Кандидаттың мінездемесі _____

2. Кәсіби жарамдылығын бағалау _____

3. Кәсіби қызметтегі жетістіктері _____

4. Жеке сипаттамалары _____

5. Кандидаттың мықты және осал тұстары _____

6. Жүктелген міндеттерді орындай білу қабілеті _____

7. Потенциалы және мүмкіндіктері _____

8. Қабылданатын шешімдердің тиімділігі _____

9. Жалпы жұмыс нәтижесіне қосылған жеке үлесі _____

10. Адамдармен өзара қарым-қатынасы _____

11. Кандидатқа баға беру үшін пайдалы болуы мүмкін өзге ақпарат _____

Осы ұсынымды беруші тұлғаның лауазымы _____

Осы ұсынымды беруші тұлғаның жұмыс орны _____

Байланыс телефоны _____
Осы ұсынымды беруші тұлғаның қолы _____
Күні _____

Алматы қаласының өңірлік қаржы
орталығының қызметін реттеу жөнінде
уәкілетті мемлекеттік орган тіркеген
заңды тұлғаларға брокерлік және
немесе дилерлік қызметті жүзеге
асыруға лицензиялар беру және олардың
басшы қызметкерлерін келісу ережесіне

4-қосымша

200__ жылғы "____" _____

N _____ хаттама

Комиссияның басшы лауазымға өтініш берген кандидаттың
(Қаржы орталығына қатысушының) құжаттарын қарау қорытындысы

кандидаттың (Қаржы орталығына қатысушының) фамилиясы, аты-жөні,
өтініш беруші басшы қызметкердің лауазым атауы

№№ N	Комиссия мүшелерінің Фамилиясы, аты-жөні	Нәтижеге "келісу", " келіспеу"	Ескерту (Комиссия мүшелерінің ерекше пікірі)	Комиссия мүшелерінің қолы және күні
1	2	3	4	5

Комиссия Төрағасы _____

Комиссияның шешімі: Келісім берілсін
Келісім берілмесін